

2. Долгушина Н. Организация исследовательской деятельности младших школьников //Начальная школа (Первое сентября). - 2006. №10.
3. Зайцева Е.П.Формирование исследовательских навыков у младших школьников.//Начальная школа Казахстана - 2013. №2
4. Никитина Е.С. Исследовательская деятельность младших школьников //Начальная школа Казахстана - 2013. №4

Дәрібай М.Т.
«№25 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Сабақ барысында оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақты түрлендіре өткізу, оқушыға бағыт-бағдар беру арқылы оқушының өздігінен жұмыс жасауы және ізденуіне бағыттайды.

Кілт сөздер: қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы функционалдық сауаттылық, өмірбен байланыс, әдіс-тәсіл, пәндік мақсат пен міндеттер.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі - озық педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын зерттеу, практикалық тұрғыда қолдану арқылы жан-жақты шығармашыл әрі әлеуетті, дарынды тұлға қалыптастыру.

Бүгінгі күні түрлі білім институттарымен әлемдік білім беру жүйесінде озық деп танылған педагогикалық технологияларды зерттеп, экспериментті түрде оқу процесіне енгізу арқылы оң және теріс жақтары сараланып, білім берудің озық үлгісін қалыптастыруға іс-әрекет жасалуда. Ұстаз беретін теориялық білімді шәкірт практикалық тұрғыдан қолдана білуді жүзеге асырушы технологияның бірі - функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Ал функционалдық сауаттылық деген не? Сауаттылық сөзі бастапқы оқу және жазу қабілетін білдіреді.

XIX ғасырда сауатсыздық ұғымының негізінде сауаттылық ұғымы қалыптасты. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Функционалдық сауаттылық пән негізінде қалыптасады.

Бірақ функционалдық сауаттылықты тек пән мен сабақ процесі қалыптастырады деген пікір қате. Үш жас шамасындағы баланың даму деңгейі өте жоғары сатыда болатынын анықтаған ғалымдар баланың неге, қайда, қашан деген көп сұрақтарынан қашпай жауап беру арқылы сауаттылықтың алғашқы ірге тасын құрау керектігін атап айтады.

Осы тұста оның функционалдық сауаттылыққа қандай қатысы бар дерміз? Бала ойын барысында көп нәрсені ұғыну арқылы ойлаудың және оны ойын барысында не өмірлік жағдайда қайта қолдану арқылы ойлаудың түрлі негізін қалыптастыра отырып өзіндік база жасайтынында.

Тура осы базалық білім, білік, дағды өмір тәжірбиесінде қажетіне сәйкес бейімделеді, қайта қолданады және оны дамытады. Бұл дегеніміз функционалдық сауаттылықты кіші жастан бастап қалыптастырып, дамытатын болсақ, онда сапалы білімді және тәрбиелі, өмірге бейімді ұрпақ болады деген гипотезаны шығарады.

Тіл – адамзатты танып білу құралы. Тіл – тілдесім негізі. Ендеше, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тіл мамандарының атқарар қызметі ерекше болмақ. Мысалға қазақ тілін алсақ, қазақ тілі - көркем әрі астарлы ойға толы, синонимдік қатар мен тұрақты тіркестер арқылы бір ойды түрліше құбылтуға болатын тіл. Тіл түсіну құралы болғандықтан ақпаратты тіл білу деңгейіне сай танып білеміз.

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін мәтінмен жұмыс жүргізудің маңызы ерекше. Мәтіннен бұрын сөздікпен жұмыс, яғни сөз тіркесі мен сөйлем құру арқылы

мәтінмен жұмыс жасауға дайындық жасалып барып, мәтін оқылады және түрлі жұмыс түрлері жүргізіледі. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге киналатындығы дәлелденген.

Осы мәселені шешу мақсатында функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2011-2020 жылының мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетіліп, оны жүзеге асырудың нақты қадамдары жасалды.

Соның айқын көрінісі, бүгінгі күні оқуға түсу үшін тапсырылатын кешенді тестте оқу сауаттылығының енгізілуі.

Қазақ тіліне қатысты функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді күздіреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытып жүрміз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқушылардың коммуникативтік күздіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет.

Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту – қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті іс болып отыр.

Орыс тілінде білім беретін мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың қазақ халқының көркем әдебиет туындыларымен, әдебиет теориясымен жүйелі түрде таныстырып, сол негізде оқушыларға жан-жақты тәрбие бере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларымен, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру арқылы дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше.

Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану барысында тек дайын көрнекі құралдарды беріп қана қоймай, оны өздері мәтін бойынша дайындау, қорғау сынды тапсырмалар оқушы үшін қызық әрі ақпаратты есте жақсы сақтайды.

Мысалы, «Көкжиек –Горизонт» ЖШС, 2018 жылғы «Қазақ тілі мен әдебиет» оқулығында «Қазақстанның су ресурстары» бөлімі аясында келесідей тапсырма берілді: мәтінді оқы және мәтінді диаграммаға түсіріп, бұл тапсырманы оқушыларға берген уақытта диаграмманы қолданып ауызша баяндау деп қосымша берілді.

Оқушылар үшін диаграмма негізінде Қазақстанның су ресурстары жайлы баяндау жеңілге түсті. Ақпаратты оқып қана қоймай оны сөйлету қажет болды. (кесте 1).

Кесте 1. 8-сынып оқушыларына дайын көрнекіліктің орнына өздері көрнекіліктерді дайындап оны сабақ барысында қолдануға мүмкіндік беру.



Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, конспекттері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік тудыру керек.

Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе.

Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде, адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр.

Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады. Қазақ тілі еліміздегі барша ұлт өкілдеріне қарым-қатынас құралы болып қалыптасуы керек.

Сол үшін оларда сөйлесім дағдысы болуы керек, ал сөйлесім дағдысын қалыптастыру оның сөздік қорының мол болуына, грамматикалық бірліктерді бір-бірімен байланыстыра алуына және оны сөйлемде, мәтінде дұрыс қолдана білу дағдылармен біліктеріне байланысты.

Қазіргі заман талабы - әрбір оқушыға саналы да терең білімнің берілуін талап етеді. Сондықтан да мектепте оқу үрісінің негізгі мақсаты - әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойларын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру болып саналады.

Абайдың он тоғызыншы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=>

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру: Әдістемелік құрал. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66-б.

Досова Л.А., Оналбек З.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTU ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Аннотация. Мақалада жаратылыстану сабағындағы зерттеу әрекетін дамытудың маңыздылығы бастауыш сыныптан ғылымды дамытудың негізі ретінде қарастырылған. Сабақтағы зерттеу іс-әрекеті кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі ретінде пән бойынша оқу бағдарламасындағы «Мен-зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары арқыры жүзеге асырылатыны баяндалған.

Кілт сөздер: зерттеу, жаратылыстану сауаттылы, зерттеу іс-әрекеті, «Мен-зерттеушімін», оқу мақсаттары.

Қазіргі кезде білімнің жана парадигмасына байланысты оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру үшін «ғылыми зерттеу дағдысын» меңгерудің маңызы зор.

Жаратылыстану сауаттылығының – негізгі дағдылары мен біліктері жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін өмірде қолдана білу, проблемаларды анықтау, адамның техногендік іс-әрекетінің жағымсыз салдары мен қоршаған әлемді түсінуге қажет дәйектері бойынша қорытындыларды тұжырымдау, оларды конструктивті шешу жолдарын табу. Ғылымды бастауыш мектепте меңгеруге келесілер негіз бола алады:[1].

- ғылыми негіздерді білу балаларға күнделікті оқиғалар мен құбылыстар туралы қисынды ойлауға көмектеседі;
- пәнді оқыту балалардың зияткерлік дамуына септігін тигізеді;
- балалар ғылымның адамдардың өмірін жақсартатын әлеуметтік пайдалы әрекет екенін білулері керек;
- әлемнің одан әрі ғылымға және технологияға бағытталғандығына орай, оқушылар дайын болуы және өздерін сәтті жүзеге асырулары маңызды;
- ғылымды бастауыш мектепте меңгеру қызықты және оқушылар өздерін «кішкене ғалым» сезіне алады.

Сондықтан бастауыш білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыруда жаңа пәннің, яғни жаратылыстану пәнінің енгізілуі білім беру саласындағы әлемдік тенденцияларды жүзеге асырудың бастауы.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – білім берудің сипаттамасымен қатар азаматтық сипаттама ретінде қарастырылады, өйткені көп жағдайда ғылым және инновациялық қолдаудағы оның қабілеттілігімен қоса қоғамның мәдениет деңгейін көрсетеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының технологиялық жаңаруын жүзеге асыру үшін халықтың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы, кәсіпқойлар – ғалымдар, конструкторлар, инженерлер сияқты қажет мамандар қажет екендігі байқалады.

Өкінішке орай PISA, TIMSS халықаралық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей біздің білім беру жүйесі көптеген оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қанағаттанарлықсыз деңгейде екендігін байқатты.

Қазақстанның білім беру деңгейіне берілген зерттеулер негізінде жасалған талдау дәстүрлі отандық білім беру жүйесінің халықаралық тұғырлардан елеулі айырмашылығын көрсетті. Ол еліміздегі оқыту көрсеткішінің замануи сұраныстарға жауап бере алмайтындығын айқындады.

TIMSS-2015 нәтижелерін дүниежүзілік сарапшылар қауымы кеңінен талқылап жатыр, себебі бұл зерттеу 57 мемлекеттің білім беру жүйелерінің мықты және әлсіз тұстарын анықтайды және тиісті басқару шешімдерін қабылдауға негіз болады.

Сондықтан бастауыш сыныптардың оқу бағдарламаларының мазмұны жоғарыда келтірілген TIMSS халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты жаңартулар енгізілді.

Жаратылыстану» пәні бойынша негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.